

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 6 наурыз N 82. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.07. N 576 Заңымен

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлардың құқықтық мәртебесін айқындайды, оларды құру ерекшеліктерін белгілеп, қызметін реттейді

Инвестициялық қорлар инвесторлардың бағалы қағаздар рыногындағы құқықтарын қорғау және ақшаны тарту мен кейіннен олардың бағалы қағаздарға диверсификациялық инвестициялау арқылы инвестициялау қаупін төмендету мақсатымен құрылып, жұмыс істейді.

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Инвестициялық қор ұғымы

1. Акционерлік қоғам нысанында құрылатын және тартылған қаражатты кейіннен бағалы қағаздарға диверсификациялық инвестициялау мақсатында өз акцияларын шығару мен ашық орналастыру арқылы ақшаны тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға инвестициялық қор деп танылады. <*>

2. Осы баптың 1-тармағында аталған қызмет тек қана инвестициялық қорларға тән болып табылады. Кез келген заңды тұлғаның мазмұны мен бағыттары бойынша осы баптың 1-тармағында аталған қызметке сай келетін қызметті осы Заңның нормаларымен реттелуге тиіс.

Активтеріндегі өзге эмитенттердің эмиссиялық бағалы қағаздарының құны оның таза активтері құнының қырық процентіне тең инвестициялық қор ретінде тіркелмеген акционерлік қоғамның бағалы қағаздарды одан әрі сатып алу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 1-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен.

жабық инвестициялық қор - инвестициялық компанияға бөлінеді.

2. Инвестициялық қордың жарғысында инвестициялық қордың үлгісі: ашық немесе жабық екені көрсетілуге тиіс.

Инвестициялық қор Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен қордың үлгісін өзгертуге құқылы.

5-бап. Инвестициялық қордың жарғылық қоры

1. Инвестициялық қордың жарғылық қоры мемлекеттік тіркеу кезінде:

а) инвестициялық компанияға арналған есеп айырысу көрсеткіштерінің отыз м ы ң ғ а н ;

б) өзара қорға арналған есеп айырысу көрсеткіштерінің елу мыңнан кем б о л м а у ғ а т и і с .

2. Инвестициялық қордың жарғылық капиталын қалыптастыру ерекшеліктерін уәкілетті орган белгілейді.

6-бап. Инвестициялық қордың атауы

1. Инвестициялық қордың атауына оның үлгісіне қарай "өзара қор" немесе "инвестициялық компания" деген сөздер енгізілуге тиіс.

2. Инвестициялық қордың атауы оның қандай да болсын әкімшілік-аумақтық құрылымдарға, министрліктерге, ведомстволарға немесе қоғамдық бірлестіктерге жататындығын білдірмеуге немесе танытпауға тиіс.

7-бап. Инвестициялық декларация

1. Инвестициялық декларация инвестициялық қор мен оның басқарушысының инвестициялық қызметіне негіз болатын негізгі құжат болып т а б ы л а д ы .

Инвестициялық декларация инвестициялаудың мақсаттары, стратегиясын, бағыттарын, әр алуан түрдегі бағалы қағаздар бойынша бағалы қағаздар портфелін диверсификациялау, инвестициялық қор қызметін шектеу нормаларын б е л г і л е й д і .

Инвестициялық қордың инвестициялық декларация мазмұнын бұза отырып бағалы қағаздар портфелін жасауға құқығы жоқ.

2. Өзара қордың инвестициялық декларациясында бұған қоса бағалы қағаздар портфелінің өтімділігі жөніндегі шектеу болуға тиіс. Өзара қордың бағалы қағаздар портфеліне тиісті мәміле жасалар кезде орын алып отырған, бағасы олардың рыноктық құнының он процентінен аспайтын мөлшерде төмендеген кезде, он күннен аспайтын мерзімде сатуға болатын бағалы қағаздар ғ а н а е н г і з і л у і м ү м к і н .

3. Инвестициялық декларацияны инвестициялық қордың құрылтай жиналысы әзірлеп, бекітеді.

8-бап. Инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Инвестициялық қор акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ережелерге қоса м ы н а л а р ж а т а д ы :

а) инвестициялық қордың үлгісін өзгерту туралы шешім қабылдау;
б) инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

в) инвестициялық қордың басқарушысымен бағалы қағаздар портфелін басқару туралы жасасқан шартты бекіту;

г) инвестициялық қордың басқарушысымен жасасқан шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау;

д) инвестициялық қордың басқарушысымен жасасқан шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы шешім қабылдау;

е) бағалы қағаздардың тіркеушісімен және кастодианымен жасасқан шартты б е к і т у ;

ж) инвестициялық қордың басқармасы директорлар кеңесі мен мүшелеріне сыйақы төлеудің шекті мөлшерін белгілеу.

2. Өзара қор акционерлерінің жалпы жиналысы осы баптың 1-тармағында белгіленген құзыретке қосымша директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша осы өзара қор акцияларын аралық сатып алу ісін жүзеге асыру кезінде өтінім жинау жүзеге асырылатын есепті кезеңдердің ұзақтығын белгілейді.

3. Осы қордың басқарушысын қоспағанда, басқа акционер немесе ол уәкілдік берген өзге де адам инвестициялық қор акционерінің жалпы жиналысындағы ө к і л і б о л а а л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

9-бап. Инвестициялық қордың директорлар кеңесі

1. Инвестициялық қор директорлар кеңесінің құзыретіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ережелерді қоспағанда:

а) басқарушысымен бағалы қағаздар портфеліне басқару туралы шарт жасасу;
б) инвестициялық қордың өзге де барлық тұлғалармен қатынастарын орнату, өзгерту және тоқтату, оның ішінде тәуелсіз тіркеушімен және кастодианмен шарт ж а с а с у ;

в) инвестициялық қордың бағалы қағаздар портфелін басқаруға байланысты қызметті жүзеге асырудың кез келген мәселелері бойынша инвестициялық қордың басқарушысынан ақпарат талап ету және оны алу;

г) басқарушы қызметінің нәтижелері туралы жалпы жиналыс бекіткен жыл сайынғы есептерді, сондай-ақ инвестициялық қордың қызметі мен қаржылық жағдайына қатысты өзге де ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі

4. Өзара қор акцияларының белгіленген сату бағасын бір күннің ішінде өзгертуге болмайды.

5. Өзара қордың акцияларды сатып алуы осы қор акционерлерінің акцияларды сатып алуға берген өтінімі негізінде жүзеге асырылады.

Өзара қор өзінің акцияларын сатып алуға өтінім берілген күннің соңындағы жай-күйі бойынша айқындалатын бағамен сатып алуға тиіс. Өзара қор акционерінің өзара қордың өзіне тиесілі акцияларын сатып алуға бұрын берген өтінімінен бас тартуға құқығы жоқ.

6. Сатып алынатын акциялардың бағасы, ұзақтығын директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша сол өзара қор акционерлерінің жалпы жиналысы белгілейтін белгілі бір есепті кезең ішінде сатып алуға (аралық сатып алу) берілген барлық өтінімдер алынғаннан кейін белгіленуі мүмкін. Аталған есепті кезеңдердің ұзақтығы 60 күннен кем болмауы керек.

7. Өзара қор акцияларын сатып алу процесінде өзара қордың таза активтерін оның жарғылық капиталының тіркелген бастапқы мөлшерінен кемітуге жол бермеуге болмайды.

8. Өзара қордың акцияларын сатуы оның таза активтері құнының негізінде айқындалатын баға бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154

З а ң ы м е н

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282

Заңымен .

12-бап. Инвестициялық қордың бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің мазмұнына қойылатын қосымша талаптар <*>

Акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің мазмұнына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында қойылатын талаптардан басқа, инвестициялық қор акциялары шығарылымының проспектісі мынадай мәліметтерді:

а) инвестициялық қордың инвестициялық декларациясының мазмұнын;
б) бухгалтерлік есеп жөніндегі заңдардың талаптарына сәйкес қаржылық ақпаратты ;

в) инвестициялық қордың басқарушысы, кастодианы, тіркеушісі және басқармасының тарағасы кем екенін көрсетуді;

г) инвестициялық қордың басқарушысымен, кастодианмен және тіркеушімен жасасқан шарттарында айтылған елеулі ережелерді, соның ішінде тараптардың міндеттерін, олардың жауапкершілігін, өзара құқықтары мен міндеттерін, шарттардың қолданылу мерзімдерін, сыйақылар мен көрсетілген қызмет ақысын төлеудің мөлшері мен шарттарын көрсетуді қамтуға тиіс.

Заңымен.

13-бап. Инвестициялық қорлардың қызметін шектеу

1. Инвестициялық қордың:

- а) акциялардан басқа бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға;
- б) алты айдан астам мерзімге инвестициялық қордың тұрақты негізде түрде есептелетін таза активтері құнының он процентінен асатын мөлшерінде банктерден заем қаражатын тартуға;
- в) қабылдау шарттары мен тәртібі, сондай-ақ олардың болу мақсаттары инвестициялық қордың жарғысына және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін міндеттемелері өзіне қабылдауға;
- г) бір эмитенттің бағалы қағаздары болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздары инвестициялық қордың өзінің таза активтерінен:
 - өзара қор үшін он процент;
 - инвестициялық компания үшін жиырма процент мөлшерінде инвестициялауға;
- д) аффилиирленген тұлғалардың бағалы қағаздарын сатып алуға;
- е) инвестициялық қор тиісті шарттар жасасқан кастодиан мен тіркеушінің бағалы қағаздарын сатып алуға;
- ж) кез келген әдіспен заемдар беруге;
- з) өздеріне тиесілі бағалы қағаздарды қайтып сатып алу міндеттемесі шарттарымен сатуға;
- и) маржа бойынша кез келген бағалы қағаздарды сатып алуға;
- к) инвестициялық қорға тиесілі емес бағалы қағаздарды сату туралы ("қысқа мерзімді сату"), сондай-ақ эмиссиялық емес бағалы қағаздарды сатып алу туралы шарттар жасасуға;
- л) кез келген түрде кепілдік беруге, бағалы қағаздармен жеке таза активтер құнының он процентінен аспайтын мөлшерде кепілдік мәмілелерін жасасуға;
- м) инвестициялық қорлардың қосылған және/немесе біріккен реттерін қоспағанда, өзге де инвестициялық қорлардың акцияларын сатып алуға және олардың өз активтерінде болуына;
- н) инвестициялық қордың мүлкіне байланысты, сол қордың аффилиирлендірілген тұлғаларымен мәмілелер жасасуға;
- о) инвестициялық қордың еншілес кәсіпорындарын құруға;
- п) өз акцияларын сату мен сатып алудың пирамидалық схемасын пайдалануға;
- р) инвестициялық қордың акциялары бойынша кірістер кепілі немесе уәдесі бар ақпаратты жариялауға;
- с) инвестициялық қордың "алтын акциясын" тағайындауға;

т) материалдық өндіріс пен сауда саласында бағалы қағаздар мен қаржы құралдарын қоспағандағы өзге де мүлікпен қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Өзара қордың бір эмитенттің заңдарда белгіленген тәртіппен тіркелген бағалы қағаздарының жалпы мөлшерінің он бес процентінен астамын сатып алуға құқығы жоқ.

3. Қаржылық құралдар тұтыну құны айналыс және/немесе төлем құралы ретінде пайдалану мүмкіндігімен анықталатын және ұлттық валютаға айырбасталатын қабілеті бар активтің түрлері болып табылады.

Инвестициялық қордың меншігінде болуы мүмкін қаржы құралдарының тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

4. Инвестициялық қорды тарату немесе қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

5. Инвестициялық қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері бір мезгілде оның басқарушысының, кастодианының, тіркеушісінің және бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың лауазымды адамдары немесе қызметкерлері бола алмайды.

6. Инвестициялық қордың оның активтерін басқаруға және қордың акционерлерімен жүргізілетін жұмысқа байланысты жыл ішіндегі шығыстары осы кезеңге дивидендтерді төлеуді қоса алғанда, оның таза активтерінің жылдық орташа құнының он процентінен аспауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгертілді және 5-6-тармақтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

III тарау. Инвестициялық қордың басқарушысы

14-бап. Инвестициялық қордың басқарушысы

1. Инвестициялық қордың басқарушысы - бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын және инвестициялық қормен оны басқару туралы жасалған шарт негізінде жұмыс істейтін заңды тұлға.

Бағалы қағаздар портфелін басқару - инвестициялық қор басқарушысының эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен иеліктен айыру және аталған бағалы қағаздармен басқарылатын инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына сәйкес өзге де мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау болып табылатын нысаналы қызметі.

2. Инвестициялық қордың басқарушысы коммерциялық ұйымның Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген кез келген ұйымдық-құқылық нысанында жұмыс істейді.

Инвестициялық қор басқарушысының мүлкі инвестициялық қордың мүлкінен

о қ ш а у л а н ғ а н

б о л а д ы .

3. Банктердің инвестициялық қор басқарушысының қызметін жүзеге асыруға
қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154
Заңымен .

15-бап. Инвестициялық қор мен оның басқарушысының өзара қатынастары

1. Инвестициялық қордың бағалы қағаздар портфелін басқаруды тек
б а с қ а р у ш ы ғ а н а жүзеге асырады .

2. Инвестициялық қор осы инвестициялық қор активтерінің басқарушыға
басқару үшін берілген барлық активтерінің (ақша мен бағалы қағаздарының)
меншік иесі болып табылады және инвестициялық қордың қызметін қамтамасыз
ету мен жүзеге асыруға байланысты барлық шығындар сол қордың қаражаты
е с е б і н е н ж а с а л а д ы .

3. Бағалы қағаздар портфелін басқару туралы шарт арқылы тараптардың
құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі; шартқа өзгерістер мен толықтырулар
енгізу және шартты тоқтату ережелері; инвестициялық қор басқарушысының
қызметіне ақы төлеудің тәртібі, мерзімі және мөлшері; бағалы қағаздар
рыногының кәсіби қатысушыларымен өзара қатынастардағы инвестициялық
қордың мүдделерін білдіру ережелері; бағалы қағаздар портфелін басқару
процесінде жасалған шығындарды төлеу жөніндегі міндеттердің тараптар
а р а с ы н д а б ө л і н у і б е л г і л е н е д і .

Шарт Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен
тараптардың біреуінің талап етуі бойынша бұзылуы мүмкін.

4. Инвестициялық қордың басқармасы басқарушыға инвестициялық қордың
қызметіне қатысты толық қаржылық және өзге де құжаттамалар беруге міндетті.

5. Уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтер сақталған және
тиісті қорлардың инвестициялық декларациялары принципті әртүрлі мазмұнда
болған жағдайда инвестициялық бағалы қағаздар портфельдерін басқару үшін
басқарушы бір мезгілде екі және/немесе одан да көп инвестициялық қорлармен
шарттар жасауға құқылы. Басқарылатын инвестициялық қорлардың қаражаты өз
қызметін экономиканың әртүрлі салаларында жүзеге асыратын эмитенттердің
бағалы қағаздарын сатып алу үшін пайдаланатын инвестициялау бағыттарын
бекіту инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларының мазмұны
айырмашылығының негізгі өлшемі болып табылады.

6. Инвестициялық қордың лауазымды адамдары, басқарушы, оның
лауазымды адамдары және басқа да қызметшілері өздерінің заңсыз әрекеттері
үшін, соның ішінде инвестициялық қорға келтірілген залалы үшін Қазақстан
Республикасының заңдарына сәйкес мүліктік, тәртіптік әкімшілік және

ҚЫЛМЫСТЫҚ

жауапқа

тартылады.

ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154

З а ң ы м е н

ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282

Заңымен .

16-бап. Инвестициялық қордың басқарушысының қызметі мен міндеттері

1. Инвестициялық қордың басқарушысы мынадай қызметті жүзеге асырады:

а) инвестициялық қор тартқан ақшаны бағалы қағаздарға инвестициялау туралы шешім қабылдайды және осы бағалы қағаздармен әртүрлі азаматтық-құқықтық мәмілелер жасайды;

б) бағалы қағаздар портфельдерін басқару туралы шарттың және басқарылатын қордың инвестициялық декларациясының негізінде инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру процесінде инвестициялық қордың өз кастодианы мен брокер-дилерлері арасындағы өзара іс-қимылын жүзеге асырады ;

в) Қазақстан Республикасының заңдарында жол берілетін және бағалы қағаздар портфелін басқару туралы тиісті шартта белгіленген басқа да қызметті жүзеге асырады .

Инвестициялық қордың басқарушысы өз қызметін инвестициялық қордың жарғысы мен инвестициялық декларациясына және басқарушы мен инвестициялық қордың арасында жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Басқарушының өзі қабылдаған инвестициялық шешімдері іске асыру жөніндегі тапсырмалары инвестициялық қордың тиісті шарттар негізінде сол инвестициялық қорға қызмет көрсеткен кастодиан мен брокер-дилерлердің орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. Басқарушының міндеттеріне:

а) инвестициялық қор саясатын сол инвестициялық қордың атынан және мүддесі үшін бағалы қағаздармен әртүрлі мәмілелерді жасау және жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдауды қамтитын инвестициялық қордың инвестициялық декларациясы негізінде жүзеге асыру;

б) өз қызметінің нәтижелері туралы инвестициялық қор мен уәкілетті орган алдында үнемі есеп беріп отыруды жүзеге асыру;

в) инвестициялық қормен жасалған шартта белгіленген шекте барлық үшінші тұлғалармен қатынастарды инвестициялық қордың мүдделерін білдіру;

г) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және бағалы қағаздар портфелін басқару туралы жасалған тиісті шартта белгіленген басқа да міндеттер жатады .

3. Инвестициялық қордың басқарушысы, оның лауазымды адамдары мен

басқа да қызметшілері қатысқан бағалы қағаздармен барлық мәмілелер жасау туралы ақпарат мәміле жасалғаннан кейін бір ай мерзімде есеп беру ретінде инвестициялық қор басқармасына жеткізілуге тиіс. Бұл талаптар инвестициялық қордың өзінің бағалы қағаздармен және өзіне тиесілі бағалы қағаздармен жасалған мәмілелеріне де қойылады.

ЕСКЕРТУ. 16-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

17-бап. Инвестициялық қордың басқарушысының қызметін лицензиялау

1. Осы Заңның 16-бабында аталған міндеттер мен өкілеттікті жүзеге асыру үшін инвестициялық қор басқарушысының бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның алған лицензиясы болуға т и і с .

2. Бағалы қағаздар портфелін басқару туралы инвестициялық қормен шарт жасасқаннан кейін басқарушының Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің бағалы қағаздар топтамасын басқару жөніндегі қызметтен басқа өзге түрлерін жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Басқарушыға лицензия беру ережелері мен тәртібі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4. Басқарушы лицензиясының қолданылуы осы Заңның 16 және 22-баптарына сәйкес ақпаратты уәкілетті органға белгіленген мерзімде бермеген жағдайда тоқтатыла тұруы мүмкін .

5. Басқарушының лицензиясы уәкілетті орган анықтаған кемшіліктерді жою жөніндегі талаптар белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда қайтарылып алынуы мүмкін .

ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

18-бап. Инвестициялық қор басқарушысының сыйақысы

1. Инвестициялық қордың басқарушысына төленетін сыйақының мөлшері тараптардың бағалы қағаздар топтамасын басқару туралы шартта жасалған келісімімен белгіленеді .

Бағалы қағаздар топтамасын басқару туралы шартта басқарушыға төленетін сыйақының мөлшері проценттік қатынаста тиісті инвестициялық қордың белгілі бір кезеңдегі орташа құнының инвестициялық қордың таза активтері құнының өсуінен, инвестициялық қордың алған пайдасынан немесе өзге жолмен айқындалатыны белгіленуі мүмкін .

2. Басқарушыға төленетін сыйақының жылдық ең жоғары мөлшері осы төленген дивидендтерді қоса есептегенде, инвестициялық қордың таза

активтерінің жылдық орташа құнының бес процентінен аспауға тиіс.

3. Инвестициялық қордың бағалы қағаздар топтамасын басқару жөніндегі басқарушының шығыстары басқарушының сыйақысына қосылады.

ЕСКЕРТУ. 18-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.10 . N 282 Заңымен .

19-бап. Инвестициялық қордың аффилицияланған адамдары

Инвестициялық қордың аффилицияланған адамдары мыналар танылады:

- а) оның басқарушысы және басқарушының аффилицияланған адамдары;
- б) инвестициялық қордың лауазымды адамдары;
- в) құрылтайшылар және инвестициялық қордың барлық акцияларының бес процентінен астамын иеленетін акционер;

г) < * >

Басқарушының лауазымды адамдары мен қатысушылары, сондай-ақ бағалы қағаздар портфелі басқарушының басқаруында болатын өзге де субъектілер басқарушының аффилицияланған адамдары болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 19-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

IV тарау. Инвестициялық қорлар мен олардың басқарушылары қызметіне мемлекеттік бақылау жасау

20-бап. Инвестициялық қорлар мен олардың басқарушылары қызметін мемлекеттік бақылау

1. Инвестициялық қорлар мен олардың басқарушылары қызметіне мемлекеттік бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік бақылау инвестициялық қорларды құру мен олардың және оларды инвестициялық қорлардың және олардың басқарушыларының қызметін заңдар негізінде жүзеге асырылатын нормативтік тұрғыдан реттеуді, оның ішінде инвестициялық қор акцияларының шығарылымдарын мемлекеттік тіркеуді, басқарушылардың қызметін лицензиялауды, сондай-ақ инвестициялық қордың, оның басқарушысының және инвестициялық қордың жұмысына қызмет көрсететін бағалы қағаздар рыногына басқа да кәсіпқой қатысушылардың қызметін жүзеге асыру процесінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын орындау жөніндегі бақылау шараларын жүзеге асыруды қ а м т и д ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен.

21-бап. Инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялау

1. Инвестициялық қор инвестициялық қор ретінде жұмыс істеуге Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен және шарттарда уәкілетті органның лицензиясын алуы тиіс.

Инвестициялық қордың қызметін уәкілетті органның лицензиялауы инвестициялық қорлардың қызметіне мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін инвестициялық қорлардың бірыңғай тізілімін жүргізуді жүзеге асыру мақсатында беріледі.

2. Лицензиялауға ұсынылған құжаттардағы кез келген өзгерістер мен толықтырулар туралы инвестициялық қор тиісті шешім қабылданған кезден бастап он күн ішінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес уәкілетті органнан лицензия алмаған инвестициялық қорлардың инвестициялық қорлар ретіндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

4. Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызмет субъектісі ретінде қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны қайтарып алу инвестициялық қорды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыруға немесе таратуға әкеп соғады.

ЕСКЕРТУ. 21-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

22-бап. Инвестициялық қордың қызметі туралы есеп беру

1. Инвестициялық қор уәкілетті органға өз қызметінің нәтижелері туралы тоқсан сайын ақпарат беріп отыруға және міндетті түрде акционерлер мен инвесторлардың осы ақпаратты еркін пайдалануын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ақпарат уәкілетті органға есеп беріліп отырған кезеңнен кейінгі айдың жиырмаасынан кешіктірілмей берілуге тиіс.

Аталған ақпаратты беру және оны жариялау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Инвестициялық қорлар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша қор қызметіне қатысты құжаттардың сақталуын жүзеге асырады.

3. Тіркеушімен, кастодианмен және басқарушымен жасалған шарт мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногының аталған кәсіпқой қатысушылары ауыстырылған жағдайда инвестициялық қор уәкілетті органға аталған өзгерістер туралы отыз күн ішінде ресми түрде хабарлауға міндетті.

23-бап. Уәкілетті органның инвестициялық қордың қызметіне бақылау жасау жөніндегі өкілеттігі

1. Уәкілетті орган инвестициялық қордың қаржылық құжаттары мен бухгалтерлік есепті жүргізу мен мазмұнының дұрыстығына, сондай-ақ инвестициялық қор мен оның басқарушысы қызметінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, инвестициялық қордың жарғысы мен инвестициялық декларацияға сәйкестігін тексеру жүргізеді.

2. Уәкілетті орган инвестициялық қордың қызметін мынадай себептер бойынша :

а) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының үнемі (бірінен кейін бірі келетін он екі күнтізбелік ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзылуы ;

б) оның басқарушысының, кастодианының немесе тіркеушісінің лицензиясын тоқтата тұру немесе қайтарып алу;

в) өзара қордың өз акцияларын сатып алуды жүзеге асыруға қабілетсіз болуы себепті тоқтатыла тұруы мүмкін.

Аталған себептердің алты айдан асатын мерзімде жойылмауы сол инвестициялық қордың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына әкеп соғады.

3. Инвестициялық қор мен оның басқарушысы уәкілетті органның іс-әрекеті жөнінде сотқа шағымдануға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

V тарау. Басқа да ережелер

24-бап. Теріс ақпарат жариялауға тыйым салу

1. Инвестициялық қорлардың қызметі туралы теріс ақпарат жариялауды жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Кез келген адамның инвестициялық қордың қызметі туралы ақпаратты оның қызметіне уәкілетті органнан лицензия алғанға дейін жариялауына тыйым салынады.

25-бап. Инвестициялық қордың кастодианы

1. Инвестициялық қор басқармасы инвестициялық қордың атынан кастодианмен шарт жасасады, инвестициялық қор осы шарт негізінде инвестициялық қорға тиесілі ақша мен бағалы қағаздарын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кастодианға береді.

2. Инвестициялық қор бір ғана кастодианы болуға құқылы.

3. Инвестициялық қордың аффилицияланған тұлғасын оның кастодианы

тағайындай

алмайды.

ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

26-бап. Инвестициялық қордың аудиторы

1. Инвестициялық қордың қаржы құжаттамалары мен есеп беруіне мезгіл-мезгіл тексеру жүргізу үшін инвестициялық қор аудит тартады.

2. Инвестициялық қордың аффилиирлендірілген адамын оның аудиторы тағайындай алмайды.

27-бап. Инвестициялық қорды тіркеуші

1. Инвестициялық қор акционерлерінің тізілімін жүргізу қызметін тіркеуші жүзеге асырады .

2. Инвестициялық қордың аффилицияланған адамын оның тіркеушісі тағайындай алмайды.

Қазақстан Республикасының

Президенті